

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

Калмурзаева Назерке Мухтарбекқызы

«ПТЗ» ЖШС мекемесінің пластикалық өнімдерінің сапасын талдау

## **ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)»

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ


«СС және МЖТ»

кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.

Альпенсов А.Т

2019 ж.



### ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «ПТЗ» ЖШС мекемесінің пластикалық өнімдерінің сапасын талдау

5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)»

Орындаған:

Пікір беруші

техн.ғыл. магистрі,

«Eurasian Foods Corporation» АҚ

Көлік тасымалдау бойынша

менеджер  Марзимова А.Е.

Калмурзаева Н.М.

Ғылыми жетекші

Директор ЖШС «Amanat-Global»

Орынғалиева С.Ж.



Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

Мамандығы: 5B073200 – «Стандарттау, метрология және сертификаттау»

### БЕКІТЕМІН

«СС және МЖТ»

кафедра меңгерушісі

Доцент, техн. ғыл. канд.

Альпенсов А.Т

«06» 11 2019 ж.

### Дипломдық жұмыс орындауға ТАПСЫРМА

Білім алушы Калмурзаева Назерке Мухтарбекқызы

Тақырыбы: «ПТЗ» ЖШС мекемесінің пластикалық өнімдерінің сапасын талдау

Университет Ректорының 2019 жылғы «06» 11. 18 №1026 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «14» маусым

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: мақалалар, құжаттар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) ПТЗ ЖШС мекемесінің өнімін талдау

б) өнімді сертификаттау

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарының 9 слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 11 атаудан \_\_\_\_\_

## КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
«ПТЗ» мекемесінің шығаратын пластикалық өнімінің сапа элементтерін талдау	27.03.2019ж	<i>орындалды</i>
«ПТЗ» мекемесінің сапа менеджмент жүйесі	02.04.2019ж	<i>орындалды</i>
Өнімді сертификаттау	26.04.2019ж	<i>орындалды</i>

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен  
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған  
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	техн.ғыл.магистрі, ассистент Муртазина Б.Т.	<i>13.05.19</i>	<i>В.Муртазина</i>

Ғылыми жетекші:



Орынғалиева С.Ж.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы:



Калмурзаева Н.М

Күні:

" 11 " 02 2019ж.

## **АНДАТПА**

Дипломдық жұмыстың мақсаты - «ПТЗ» ЖШС мекемесінің пластикалық өнімдерінің сапасын талдай отырып, шығарылатын өнімнің сынаудан өтуі.

Дипломдық жұмыс Петропавл құбыр зауыты мекемесінің полиэтилен құбырлары өндіретін, яғни сумен қамтамасыз ету үшін полиэтилен құбырларының жалпы техникалық талаптарын, өнімнің түрдерін қарастыруға арналған.

Диплом жұмысы 5 бөлім, кіріспе, қорытынды және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыс 30 беттен, 6 кесте, 5 суреттен және А, Ә қосымшасынан тұрады.

Кілтті сөздер: полиэтилен трубасы, стандарт, сертификат, су құбырлары, сапа менеджменті, сынау.

## **АННОТАЦИЯ**

Целью дипломной работы - является проверка производства изделий из пластмасс ТОО «ПТЗ».

Дипломная работа предназначена для производства полиэтиленовых труб Петропавловского трубного завода. Общих технических требований к полиэтиленовым трубам для подачи воды.

Диплом состоит из 5 глав, введения, заключение и списка использованных источников. Работа состоит из 30 страниц, 6 таблиц, 5 рисунков и дополнения А, Б.

Ключевые слова: полиэтиленовая труба, стандарт, сертификат, водопровод, управление качеством, испытания.

## **ANNOTATION**

The purpose of the thesis is to check the production of plastic products of PTZ LLP.

Thesis is intended for the production of polyethylene pipes of the Petropavlovsk Pipe Plant. General technical requirements for polyethylene pipes for water supply.

The diploma consists of 5 chapters, introduction, conclusion and list of references. The work consists of 30 pages, 6 tables, 5 figures and additions A, B.

Keywords: polyethylene pipe, standard, certificate, water supply, quality management, testing.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
1 «ПТЗ» ЖШС мекемесі туралы мәліметтер	8
1.1 Өнім классификациясы	8
1.2 «ПТЗ» ЖШС мекемесі шығаратын өнімнің техникалық шарттары	12
1.2.1 Шикізат пен материалдарға қойлатын талаптар	15
1.2.2 Полиэтиленді құбырлар үшін техникалық шарттар	17
2 «ПТЗ» ЖШС жағдайындағы мекеменің сапа менеджмент жүйесі	18
2.1 Сапа бойынша бақылау әдістері	18
2.2 Нормативтік-техникалық құжаттар және стандарттар	20
2.3 Өнімге қойылатын талаптарды талдау	22
3 «ПТЗ» ЖШС шығаратын өнімді сынау	25
3.1 Сертификаттау сынауының негізі	25
4 Өнімді сертификаттау	28
4.1 ҚР мемлекеттің сертификаттау жүйесінің жалпы ережелері	28
5 Еңбек қорғау	31
ҚОРЫТЫНДЫ	32
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	33
А қосымшасы	
Ә қосымшасы	



## КІРІСПЕ

Бұл жұмыстың мақсаты ЖШС «ПТЗ» мекемесі шығаратын пластикалық өнімнің сапа элементтерін талдау болып табылады.

Полиэтилен құбырлары өнімге тән және ерікті сертификатқа жатады.

ИСО 9001: 2000 сериясының халықаралық стандарттарына сәйкес, зертханада өнімнің сапасын басқарудың жеңілдетілген жүйесі және техника-экономикалық және қауіпсіздік техникасы негізінде нұсқаулар жасалды.

Осы уақытта полиэтиленнен жасалған бұйымдар өндірісі 9000 тоннаны құрайды.

Зауыт халықаралық стандарттарға сәйкес полиэтилен құбырларын шығаруды көздейді.

Енді қазақстандық мекемелерге де сауда бәсекелестіктің қатаң шараларымен жұмыс жасауға дайын болуы тиіс. Қазіргі таңда біздің еліміздің кәсіпкерлерге сыртқы ортаның әрдайым өзгеруіне байланысты жұмыс жасауға тура келеді: саудаға бәсекелестік күшейеді, тұтынушылар талаптары өседі. Сондықтан әрбір мекемеде мынадай негізгі сұрақ тұрады – олардың жаңа шарттар және тұтынушылар талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыруға басқару жүйесі мекемесін бейімділікпен қамтамасыз ете ала ма деген және осы негіз бойынша өзінің көтерілуін қамтамасыз ете ме.

Бұл мәселенің табысты негізгі шешімі боп тәжірибеде жаңа заман механизммен өнім сапасын басқаруды қамтамасыз ете алатын сертификатталған аудиторлар мен жоғарымамандардырылған мамандармен жұмыс жасау табылады.

## **1 «ПТЗ» ЖШС мекемесі туралы мәліметтер**

«Петропавл құбыр зауыты» компаниясы 2006 жылы құрылды. Қазіргі уақытта Қазақстанда 2 зауыт бар: Алматы және Петропавл.

ГОСТ 3262-75, 10704-91 бойынша диаметрі 20-219 мм болат құбырлар өндірісі бар.

BROEN компаниясының ресми өкілі (шар клапандары, тоқтатқыш клапандар).

Петропавл құбыр зауытының мақсаты - үлкен диаметрлі құбырларды енгізу; жіксіз құбырларды енгізу; кішкене өлшемді квадраттық және дөңгелек құбырларды өндіру және сату; икемді арна мен с-профильдерді дайындау және сату.

Компания дөңгелек, квадрат және тікбұрышты бірнеше материалдардан жасалынатын құбырлар өндірісімен айналысады. Құрамы мен технологиялық сипаттамалары жабдықтардың әлемдік стандарттарға сәйкес келеді, жоғары сапалы құбырлар өндірісін қамтамасыз етеді. Бастапқы материал - ресейлік және қазақстандық металлургия комбинаттары жеткізетін көміртекті және легирленген болаттардың орамындағы ыстық және суық белдеулер.

12 жыл нарықта. Күнделікті 800+ шақырым құбыр өндіреді. Мекеме каталогында 11000+ өнім атаулары, түрлері бар.

Петропавл құбыр зауыты ұсынады:

Өнімнің сапасы ішкі ГОСТ-қа сәйкес келеді. Нормативтік құжаттамаларының тізбесі қолданылады. (А қосымшасы)

ГОСТ 8645-68 тік бұрышты болат құбырлар, болат құбырлар ГОСТ 8639-82, болат құбырлар ГОСТ 10704-91.

### **1.1 Өнім классификациясы**

Барлық өнімдер стандартты ГОСТ 18599-2001, СТ РК ИСО 4427-2004, ҚР СТ ИСО 4437-2004, СТ РК ГОСТ Р 50838-2011, ГОСТ Р 50838-2009 стандарттарына сәйкес келеді.

Өнімдер сертификатталған зертханада өтеді.

2010 жылы ISO 9001-2001 кәсіпорындарды басқару жүйесі енгізілді.

Пластикалық құбырлардың түрлерін мынадай түрде ажыратады:

N10 (PN10) – полимер қалыңдығы 1,9 ден 10 мм және қабырғаға түсірілетін қысым 1,0 Мпа, +45°С-ға дейін жылы едендерді жылыту үшін, салқын су жүргізуде қолданылады. Осындай пластикалық трубалардың: сыртқы диаметрі – 20...110 мм, ішкі диаметрі – 16...90 мм. болады.

N20 (PN20) – қабырғаға түсірілетін қысым 2 МПа. Магистралды полипропиленді труба және бұйым қалыңдығы 16...18,4 мм, +80°С температураға дейін қыздыратын ыстық және салқын сұйықтықты құрылғылар үшін қажетті бұйым. Сыртқы диаметрі – 16...110 мм, ішкі диаметрі – 10,6...73,2 мм.



PN25 (PN25) – полипропиленді құбыры +95°C температураға дейін жылу ұстайтын, жылы суларға арналған. Көпқабатты құрылымына байланысты бұйым соққы және жылу күштемесіне тұрақты қасиетке ие. Ішкі диаметрі PN25 – 13,2...50 мм, сыртқы – 21,2...77,9 мм.



1 Сурет - Полипропиленді құбырлардың түрлері

*Өнеркәсіп өнімі* - деп тұтынушы халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында олардың пайдалануы, қолдануына арналған қоғамдық және жеке сипаттағы және пайдалы қасиеттері бар, еңбек қызметі үдерісінің материалдық нәтижесі түсіндіріледі. [1]

Сапа көрсеткіштері бойынша өнімнің сапа деңгейін бағалау үшін өнімді классификацияға бөлу керек. Өнімді классификациялау тәжірибесі:

– белгілі өнім тобының жеке көрсеткіштерінің атаулығын таңдау;

– өнімнің қолданылу саласын анықтау;

– нақты өнімді немесе базалық үлгілер ретінде бірнеше өнімді таңдап алуға негізделген мүмкіндік;

– өнім сапасының көрсеткіштер атаулығына арналған мемлекеттік стандарт жүйесін жасау;

1-суретке сәйкес сапа деңгейін бағалау мақсатындағы барлық өнім 2 класқа бөлінеді:


1) пайдалану кезінде жұмсалатын өнімдер.

2) өзінің қорын, яғни ресурсын жұмсайтын өнімдер.

Бірінші классты өнім оны пайдалану үдерісінде мақсатына қарай жұмсалады.

Мұндай жағдайда оны қайта өңдеу кезінде орнына қайта келмейтін үдеріс (шикізат, материалдар, жартылай дайын өнімдер, жағу, қыздыру, нығайту) жүреді. Кейбір жағдайларда ғана қайта орнына келу үдерісі жүруі мүмкін (еріткіштерді қайта өндіру).

Екінші класты өнімді мақсатына қарай пайдалану кезінде оның қорлары жұмсалады. Мұндай жағдайда өнім техникалық жағынан немесе моральдық жағынан тозған, ескіргенге дейін қолданылады.



2 Сурет - Өнімді мақсатына қарай классификациялау.

Полиэтиленді құбырларды қолданудың кең спектрі полиэтилен – шикізат материалдың физика-механикалық көрсеткіштерімен, құбырларды монтаждау және төсеніштердің жаңа мүмкіндіктерге, экологиялық тазалыққа, коррозияға тұрақтылық пен ұзақтылыққа негізделген.

Бұл байланыста полиэтиленнен жасалған құбырларды құбырөткізгіш өнімдерін қолдану саласы бойынша жіктеуге болады (1-кесте).

1 кесте - Қолдану облысы бойынша полиэтилен трубаларының классификациясы.

Қолдану облысы	Өнімді ұсыну
Салқын сұтарту жүйесі (сыртқы және ішкі)	Жоғарғы (ПЭВП) тығыздықты полиэтиленді құбырларлар
Ыстық отын, су тарту жүйесі	Изоляция арқылы полиэтилен тігілген (Профлекс), металлопластикалық армиленген

	полиэтилді
Дренажды құбырлар жүйесі	Жоғарғы (ПЭВП) тығыздықты полиэтиленді құбырлар
Газды құбырлар жүйесі (сыртқы және ішкі)	Жоғарғы (ПЭВП) тығыздықты полиэтиленді құбырлар
Кабельдерді қорғау жүйесі	Жоғарғы (ПЭВП) және төменгі (ПЭНП) тығыздықты полиэтиленді құбырлар

Шикізаттың құрамы бойынша полимерлі құбырлардың классификациясы.

PPR (PPRC, ППР) – бұл типтегі бұйым молекуласының құрылымы кристалды, статикалық сополимер пенопропиленнен дайындалады. Өлшемі 16...110 мм диапазон аралығында және қысымға тұрақты.

*PPH бұйымы.* Модификациялы жоғары соққыға берік антистатик, антипирен, нуклеатор полимерлі қоспалардан дайындалады. Бұл типтегі бұйым сыртқы суық су жүйесін, вентеляцияларды жабдықтау үшін қолданылады. Жылыту жүйесіне қолданылмайды, себебі еру температурасы өте төмен. Мұндай полипропиленді трубалардың диаметрі өте үлкен, сондықтан өндірістік су жүйесін кеңінен қолданылады.

*PPB блок-сополимер.* Бұл типтегі бұйым гомополимерлі микромолекулалы құрылымнан тұрады. Алынған бұйым жоғары соққыға тұрақты, сондықтан суық су жүйесінде, еденді жылыту жүйесінде қолданылады.



3 Сурет - Блок-сополимер құбыры

*PPS полифенилсульфид.* Ерекше молекулярлы құрылымды жоғары классты полимер. Берік, яғни, тозуға, қызуға және жоғары соққыға тұрақты қасиетке ие. Мұндай трубалардың диаметрі 20-дан 1200 мм. Қолдану аймағы– вентиляция, жылыту, ыстық, суық су жүйесінде қолданылады.



4 Сурет - Полифенисульфид құбыры

МЕСТ бойынша әр түрдегі номинальды диаметрлі трубалар үшін қабырғалардың қалыңдығы орташа мән диапазонында бекітілеген. Диаметрі 32-50 мм үшін мәндері 1.8 – 2.2 аралық диапазонында, басқа трубалар диаметрі үшін параметрлер кестеде көрсетілген.

2 кесте - Номинальды димаедрлі трубалар үшін қабырғалардың қалыңдығы

S 16, *10 <sup>-1</sup> мм сериясы үшін	Диаметр	S 20, *10 <sup>-1</sup> мм сериясы үшін
20-24	63 мм	18-22
23-28	75 мм	19-23
25-30	80 мм	20-24
28-33	90 мм	22-27
32-38	100 мм	25-30
34-40	110 мм	27-32
39-45	125 мм	31-37
49-56	160 мм	39-45
62-71	200 мм	49-56

## 1.2 «ПТЗ» ЖШС мекемесі шығаратын өнімінің техникалық шарттары

*Өнімдердің сипаттамалары.* Сыртқы түрі – үлкейтпей қараған кезде ішкі және сыртқы беті тегіс, таза, түрілусіз көпіршіксіз және трубаның пайдаланымдылық қасиетіне әсер етуі мүмкін басқа ақауларсыз болуы керек. Труба шеттері таза және трубаның ұзыны осіне тік бұрыштап кесілуі керек.

*Сумен қамтамасыз етуге арналған полиэтиленді құбыр.* Қысымы PN 4, PN 6, PN 8, PN 10, PN 12,5 және PN 16 бар, атаулы сыртқы диаметрі 16-дан 1600 мм, 0-дан 40°C дейінгі температура жағдайындағы қысым астындағы суды жалпы мақсаттар үшін, сондай-ақ, ауыз суын жеткізу үшін тасымалдауға арналған полиэтиленді құбырлар.

Полиэтиленнен әзірленген жер асты су жүргізу жүйелерінде және жер үсті, ғимарат іші мен сондай-ақ сыртында орналасқан су жүргізу жүйелерінде пайдалану үшін арналған құбырлардың қасиеттеріне қойылатын қажетті талаптарды бекіткен стандарт. Бұдан басқа материал сыныптауының сызбасын қоса құбырлар әзірленетін материалдың кейбір жалпы қасиеттері анықталған.



5 Сурет - Су құбыры

*Негізгі параметрлер мен көлемдер.* Құбырлар өлшемдері: сыртқы диаметр, атаулы қысымдар және құбыр қабырғасының қалыңдығы.

Сыртқы диаметрлерге арналған рұқсат етулер сәйкесуі керек:

- А сыныбы қалыпты рұқсат етілуі құбырлар үшін (NT);
- Ә сыныбы қатайтылған рұқсат етілуі құбырлар үшін (СТ).

Құбыр қалыңдығының атаулы мәндері  $E_n$  сәйкес 3 кестеде ( $\sigma_s=8$  МПа), 4 кестеде ( $\sigma_s=6,3$  МПа) берілген қысымның таңдалған атаулы мәндеріне сәйкеседі.

Қабырғаның атаулы қалыңдығының  $E_n$  сәйкесетін кез келген нүктедегі қабырғаның ең аз қалыңдығы  $E_n$ ,  $m_n$  бойынша рұқсат етілім мына үлгімен талаптарына сәйкесуі керек.

T сыныбы  $E_n, m_n < 16$  мм

U сыныбы  $E_n, m_n > 16$  мм

*Сопақтық.* Өндірушіде экструзиядан кейінгі, бірақ катушкаға орағанға дейінгі құбырлардың сопақтығы мына үлгіде сәйкесуі керек:

- K сыныбы PE 32 және PE 40 маркалы полиэтилен үшін;
- N сыныбы PE 63, PE 80 және PE 100 маркалы полиэтилен үшін.

Құбырға орауға арналған барабанның ең кіші диаметрі 18 атаулы сыртқы диаметрді құрауы керек және қандай жағдайда болсын ілмектердің түзілмеуін қарастыруы керек.

Қойнауға оралған құбырлар үшін тарқатып алуға арналған жабдықтар қажет етілуі мүмкін.

*Құбыр ұзындығы.* Тік құбырдың және қойнауға оралған құбырдың ұзындығы жеткізуші мен тұтынушымен келісілген шамадан кем болмауы керек.

3 кесте - Есептік кернеуі  $\sigma_s$  8 МПа полиэтилен құбырлар

Атаулы сыртқы диаметр dn, мм	Құбырлар сериялары		
	S8	S 6,3	S5
	Көлемдердің стандартты қатынасы SDR		
	SDR 17	SDR 13,6	SDR 11
	$\sigma_s=8$ МПа үшін атаулы қысым PN <sup>2</sup>		
	PN 10	PN 12,5	PN 16
	Қабырғаның атаулы қалыңдығы en, мм		
32	-	-	3,0
40	-	-	3,7
50	-	-	4,6
63	-	4,7	5,8
75	4,5	5,6	6,8
90	5,4	6,7	8,2
110	6,6	8,1	10,0
125	7,4	9,2	11,4
140	8,3	10,3	12,7
160	9,5	11,8	14,6
180	10,7	13,3	16,4
200	11,9	14,7	18,2
225	13,4	16,6	20,5
250	14,8	18,4	22,7
280	16,6	20,6	25,4
315	18,7	23,2	28,6
355	21,1	26,1	32,2
400	23,7	29,4	36,3
450	26,7	33,1	40,9
500	29,7	36,8	45,4
560	33,2	41,2	50,8
630	37,4	46,2	57,2
710	42,1	52,2	-
800	47,4	58,8	-
900	53,3	-	-
1000	59,3	-	-

4 кесте - Есептік кернеуі  $\sigma_s$  6,3 МПа полиэтилен құбырлар

Атаулы сыртқы диаметр dn, мм	Құбырлар сериялары				
	S10	S8	S6,3	S5	S4
	Көлемдердің стандартты қатынасы SDR				
	SDR 21	SDR 17	SDR 13,6	SDR 11	SDR 9
	$\sigma_s=6,3$ МПа үшін атаулы қысым PN <sup>2</sup>				
	PN 6 <sup>3</sup>	PN 8	PN 10	PN 12,5	PN 16
	Қабырғаның атаулы қалыңдығы en, мм				
16	-	-	-	-	2,3
20	-	-	-	-	2,3
25	-	-	-	2,3	2,8
32	-	-	-	3,0	3,6

40	-	-	-	3,7	4,5
50	-	-	-	4,6	5,6
63	-	-	4,7	5,8	7,1
75	-	4,5	5,6	6,8	8,4
90	4,3	5,4	6,7	8,2	10,1
110	5,3	6,6	8,1	10,0	12,3
125	6,0	7,4	9,2	11,4	14,0
140	6,7	8,3	10,3	12,7	15,7
160	7,7	9,5	11,8	14,6	17,9
180	8,6	10,7	13,3	16,4	20,1
200	9,6	11,9	14,7	18,2	22,4
225	10,8	13,4	16,6	20,5	25,2
250	11,9	14,8	18,4	22,7	27,9
280	13,4	16,6	20,6	25,4	31,3
315	15,0	18,7	23,2	28,6	35,2
355	16,9	21,1	26,1	32,2	39,7
400	19,1	23,7	29,4	36,3	44,7
450	21,5	26,7	33,1	40,9	50,3
500	23,9	29,7	36,8	45,4	55,8
560	26,7	33,2	41,2	50,8	-
630	30,0	37,4	46,3	57,2	-
710	33,9	42,1	52,2	-	-
800	38,1	47,4	58,8	-	-
900	42,9	53,3	-	-	-
1000	47,7	59,3	-	-	-
1200	57,2	-	-	-	-
1400	-	-	-	-	-
1600	-	-	-	-	-

### 1.2.1 Шикізат пен материалдарға қойылатын талаптар

Құбырлар өндіруге қажетті антиоксиданттар, ультракулгін тұрақтандырғышты және бояйтын бояутектері бар полиэтиленнен өндірілуі керек, сондай-ақ осы стандартқа және қажет болған жағдайда пісіріліп қосуды қосы соңғы пайдалану, сәйкесуі керек. Ауыз суын жеткізуге арналған трубалар қара, көгілдір немесе қара көгілдір телімдермен болуы керек.

Қара құбырлар үшін материалда күйіктің болуы [5] сәйкес жүргізілетін өлшеу жағдайында салмағы жөнінен 2,25-0,25 % құруы керек.

Күйіктің және көк бояйтын бояутектің қоспадағы шашырандысы [5] сәйкес анықтаған жағдайда күйік шашырандысы 3 сыныптан кем немесе тең болуы керек.

Сәйкес анықтаған жағдайда көгілдір бояйтын бояутектерінің шашырандысы 3 сыныптан кем немесе тең болуы керек. [5]

Термикалық тұрақтылық [10] сәйкес анықтаған жағдайда PE 63, PE 80 және PE 100 материалдары үшін индукция уақыты сынау температурасы 200°C болған жағдайда 20 минуттан кем болмауы немесе температура мәнінің 200°C және 210°C жағдайында алынған нәтижелер арасындағы белгілі түзетілген



байланыспен бекітілген жағдайда сынаулар температурасы 210°C болған жағдайда жүргізілген кездегі уақыт аралығында болуы керек.

Ауыз суымен қамтамасыз етуге арналған құбырларды денсаулық сақтау органдарымен рұқсат етілген полиэтилен маркаларынан дайындайды.

Барлық құбырларға ең ұзын интервалы 1 м жуылмайтын таңбалау түсірілуі керек. Таңбалау мынадай ақпарттардан тұруы керек:

- әзірлеуші аты және/немесе тауарлық белгі;
- көлемдер (атаулы сыртқы диаметр хх атаулы қабырға қалыңдығы);
- сыртқы диаметрге рұқсат етілім (А немесе В);
- құбыр материалының белгіленуі (PE100, PE80, PE63, PE40 немесе PE32);
- атаулы қысым (PN);
- құбырлар сериялары (S немесе SDR);
- өндірілген мерзімі (күні және коды);
- осы стандарттың нөмері.

Егер құбыр ауыз суына арналған болса, сондай-ақ «су» («water») сөзі қосыла алады.

Құбырларды партиямен қабылдайды.

*Партия* - деп бекітілген уақыт мерзімі ішінде бір маркалы немесе партиялы шикізаттан жасалған, бір атаулы сыртқы диаметрлі және атаулы қалыңдықты қабырғалы құбырлар саны болып табылады. Өнімнің сапасы туралы бір құжатпен ілестірілген трубаларды айтады:

- кәсіпорын-әзірлеушінің атауы және/немесе тауарлық белгісі;
- кәсіпорын-әзірлеушінің орналасқан жері (заңды мекен-жайы);
- партия нөмірі және дайынданған күні;
- құбырдың шартты белгісі;
- метрдегі партия көлемі;
- шикізат маркасы;
- сынаулар нәтижелері немесе құбырлар сапасының осы стандарт талаптарына сәйкестігі туралы растау.

Партия көлемі мыналардан артық болмауы керек:

- 20000 м, 32 мм және одан кем диаметрлі құбырлар үшін;
- 10000 м, 40-90 мм диаметрлі құбырлар үшін;
- 5000 м, 110-160 мм диаметрлі құбырлар үшін;
- 2500 м, 180-160 мм диаметрлі құбырлар үшін;
- 1500 м, 250 мм және одан артық диаметрлі құбырлар үшін.

5 кесте бойынша трубаларға өткізілетін сынаулардың жиіліктері көрсетілген.

Құбырлар сипаттамаларының осы стандартқа сәйкестігіне бақылау сынауларын жүргізу үшін атаулы сыртқы диаметрі бойынша құбырлардың әрбір тобынан бір типтік түрінен сұрыптап алады:

- диаметрі 50 мм және кем емес;
- диаметрі 63-125 мм-ге дейін;
- диаметрі 140-225 мм-ге дейін;

- диаметрі 250-630 мм-ге дейін;
- диаметрі 710 мм және артық.

5 кесте - Өткізілетін сынаулар жиілігі

№	Көрсеткіш атауы	Бақылау жиілігі
1	Құбырлар көлемі (сыртқы диаметр, кабырға қалыңдығы, сопақтығы)	әрбір партияда
2	Бетінің сыртқы түрі	әрбір партияда
3	Термикалық тұрақтылығы	Шикізаттың әрбір маркасы үшін 12 айда бір реттен жиі емес
4	Аққыштық коэффициенті	әрбір партияда
5	Қыздырғанан кейін трубалар ұзындығының өзгеруі	әрбір топтың 40-інші партиясында шикізаттың әрбір маркасында 6 айда бір реттен жиі емес
6	20°C-100 сағат жағдайында гидростатикалық беріктігі	әрбір топтың 15-інші партиясында шикізаттың әрбір маркасында айына бір реттен жиі емес
7	80°C -165 сағат жағдайында гидростатикалық беріктігі	әрбір топтың 40-інші партиясында шикізаттың әрбір маркасында 3 айда бір реттен жиі емес
8	80°C -1000 сағат жағдайында гидростатикалық беріктігі	әрбір топтың 100-інші партиясында шикізаттың әрбір маркасында 6 айда бір реттен жиі емес

Кезеңдік сынауларында көрсеткіштің біреуінен болсын қанағатсызданарлық нәтижелер алған жағдайда, құбырларға екі еселенген сұрыптамаға қайталау сынауларын жүргізеді. Қайталау кезеңдік сынауларынан қанағатсызданарлық нәтижелер алған жағдайда оларды берілген көрсеткіш бойынша оң нәтижелер алғанға дейін қабылдау-тапсыру сынауларына жіберіліп отырады.

Сақтау және тасымалдау. Құбырларды көліктің сәйкес түріне қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер және жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің кез келген түрімен тасымалдайды.

### 1.2.2 Полиэтиленді құбырлардың сапасын бақылау үшін техникалық шарттар

Бақылау әдісі:

Сынауды жүргізуге арналған дайындық шарттары.

- сынау МСТ 15150-қа сәйкес тыныш климатты ортада өтуі керек. 5.1.2;
- сынау ды өнім шыққан соң 15 сағаттан кейін жасау керек, сонымен қатар МСТ 12423-қа сәйкес кондиционерлеуге кеткен уақытты да қоса. [7]
- (23+5) °C темпратрау кезінде өлшемін анықтайды. Сынау алдында үлгіні көрсетілген температурада 2 сағаттан кем емес ұстау керек.

Өлшемін анықтау:

- МСТ 6507 бойынша МТ және МК типті микрометрлер;
- МСТ 166 бойынша штангенциркуль ;
- МСТ 11358 бойынша стенкомер;
- МСТ 7502 бойынша рулетка;
- басқада метрологиялық сипаттамасы жоғарыдағымен сәйкес емес өлшеу құралдары.

– МСТ 2932 бойынша сыртқы орта диаметрін  $d$  қашықтығы торецтен 100мм кем емес боп анықтайды. Өлшеуді МК типті штангенциркульмен немесе микрометрмен жүргізеді. Алынған полиэтиленді құбырлардың сыртқы орта диаметрі негізгі көрсетілген техникалық шарт бойынша сәйкес келуі керек.

– полиэтиленді құбырлар ойыстығын МСТ 29325-пен анықталатын максимальды және минимальды сыртқы диаметрдің арақашықтығы секілді МК типті микрометр немесе штангенциркуль көмегімен анықталады.

– ПЭ 32 полиэтилен үшін МСТ 27078 бойынша қыздырғаннан кейін полиэтиленді құбырдың өзгерген ұзындығын  $(100\pm 2)^\circ\text{C}$  температурамен, ал ПЭ 63, ПЭ80 және ПЭ1004 полиэтилен үшін  $(100\pm 2)^\circ\text{C}$  температурамен анықтайды.

– құрамына кіретін материалдар, қамтылған және құрама бөлік сапасы таңбалау және шығыс бақылау кезінде көрсетіліп, 1.3-ке сәйкес негізгі техникалық шарттар бойынша расталуы қажет.

– сыртқы және ішкі көрінісінің түсінің бақылауы қойылған тәртіппен бекітілген сәйкес өнім үлгісімен (эталонмен) табиғи немесе жасанды 0,5м ден аспайтын шашыраған жарықтандырумен визуальды салыстыру жолымен жүргізіледі.

– таңбалау және жинақтау бақылауы визуальды түрде болады.

– МСТ 22648 бойынша дәмі, иісі және формальдигед концентрациясы анықталады.

Гигиеналық көрсеткіші — Инструкции N 880-71 және ГН 2.3.3.972-00 бойынша. Ұшпалы заттың массалық бөлігі МСТ 26359 немесе МСТ 22456 бойынша анықталады. Шикі өнімге арналған техникалық құжаттамен өнімнің гигиеналық көрсеткішінің бақылауын жүргізуге болады. Полиэтиленді құбырлар үшін қосымша сынаулар МСТ Р 50838 бойынша жүргізіледі.

## **2 «ПТЗ» ЖШС жағдайындағы мекеменің сапа менеджмент жүйесі**

### **2.1 Сапа бойынша басқару әдістері**

«ПТЗ» ЖШС мекемесінің тұтынушыларды ең жоғары дәрежеде қанағаттандыратын өнімді шығару мен қызмет көрсету процесстерін жақсы басқару мақсатымен ҚР СТ ИСО 9001:2001 стандарттарының талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесін енгізу мен қолдауға міндеттенді.

«ПТЗ» ЖШС мекемесінің сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) ИСО 9001:2000 стандартына сәйкес енгізілген. Бұл стандарт СМЖ талаптарын келесі жағдайларда болғанда жүзеге асырады:

- тұтынушылардың талаптарына жауап беретін реттелген талаптарға сәйкес өніммен өзінің тұтынушыларды қанағаттандыра алатынын көрсетуін қажет ететін;

- жүйені үнемі жақсарту процесі мен тұтынушы талаптарына және реттелген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету процесін қоса, жүйелерді тиімді қолдану мен тұтынушылардың қанағаттануын жоғарылатуды өзінің мақсаты етіп қоятын. [8]

Ұйымда сапа жүйесін енгізу сапа бойынша басшылықты жобалаудан басталады. «ПТЗ» ЖШС мекемесінің «Сапа және қоршаған ортаны қорғау бойынша басшылық» құжаты енгізілген. Сапа және қоршаған ортаны қорғау бойынша бұл басшылық ИСО 9001:2000 және ИСО 14001:2004 стандарттары талаптарына сәйкес «ПТЗ» ЖШС мекемесінің жобаланған, енгізілген СМЖ және оны жүзеге асыру мен қолдану процедураларын сипаттайды.

Басшылық келесі жағдайлар үшін тағайындалған:

- басқарманың ішкі талаптарына және ұйымның басқа қызметкерлеріне;
- қызметтің сапасы тұтынушылардың талаптарына сәйкес келетіні, ал өнім бәсекеге қабілетті екенін жариялайтын СМЖ көрсету мақсатымен сыртқы талаптар.

Басшылық «ПТЗ» ЖШС мекемесінің ұйымдық құрылымын және басшылардың жауапкершілігі мен міндеттерін, олардың өнімді шығару мен жүзеге асыру бойынша өндіретін өнім сапасын қамтамасыз ету сұрақтарында олардың өзара іс - әрекетін анықтайды. «ПТЗ» ЖШС мекемесінің барлық іс - әрекетіне таратылады.

«ПТЗ» ЖШС сапа менеджмент жүйесінде сәйкестікті растау жұмыстарын келесілерге қатысты жүргізеді: ауылшаруашылығы, электротехникалық және радиоэлектронды өнімдер, байланыс құралдары, автотранспорттық құралдар, ауылшаруашылық техникасы, қызметтік, азаматтық қарулар және оның оқтары, тұрмыстық техника тауарлары, халық тұтынатын тауарлар, ағаш өңдеу тауарлары, аяқ киімдер, жеңіл өнеркәсіп өнімдері, маталар, ойыншыққа қатысты санитарлық-гигиеналық құралдар, қауіпті өнеркәсіп өнімдері, құрылыс материалдары және өнімдері, парфюмериялық-косметикалық өнеркәсіп өнімдері, теміржол саласында, мұнай өнімдері және газ, отын шикізаттары, пневматикалық шиналар, қауіпсіздік терезелері, химиялық тазалау, автотранспорттық құралдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету, және т.б.

Сапа менеджмент жүйесі «ПТЗ» ЖШС қызметі аумағымен сәйкестеліп өңделген.

«ПТЗ» ЖШС сапа менеджмент жүйесі келесілерге бағытталған:

- менеджмент жүйесінің сәйкестікті растау бойынша жұмыстарының сапасын тұрақты ұстап тұруды және нәтижеге жетуді нормативті құжаттар талаптарына сәйкес және тұрақты сұраныстарды қанағаттандырып және тұтынушыларды жинауды қамтамасыз етеді;

- басшылықтың қамтамасыз етудегі сенімділігі сапа аумағындағы Саясатпен сәйкес жұмыстардың жүргізілу сапасы болып табылады;

– тұтынушының сенімділігінің қамтамасыз етілуі, оның талаптарына қызмет сапасының сәйкестілігі анықталады;

Сапа менеджмент жүйесінің нәтижелілігі қамтамасыз етіледі:

– орындалатын жұмыстың барлық сатыдағы сәйкессіздіктерінің пайда болуын алдын алуға;

– жұмысты жүргізудегі процестерде жіберілген барлық сәйкессіздіктердің пайда болуы;

## **2.2 Нормативтік-техникалық құжаттар, стандарттар**

*Халықаралық:*

ISO 4427. Сумен жабдықтауға арналған полиэтилен құбырлары -  
Техникалық сипаттамасы

Еуропа

EN 1555-1. Тұтанатын газдарды тасымалдау үшін полимерлі құбыр жүйесі -  
полиэтилен (ПЭ) - 1-бөлім: Жалпы талаптар

EN 1555-2. Жанармай газдарын тасымалдау үшін полимерлік құбыр  
жүйелері - полиэтилен (ПЭ) - 2-бөлім: Құбырлар

EN 12201-1: 2003 Су жеткізу үшін пластикалық құбырлар жүйесі.  
Полиэтилен (ПЭ). Жалпы

EN 12201-2: 2003 Сумен жабдықтау үшін пластикалық құбырлар жүйесі.  
Полиэтилен (ПЭ). Құбырлар

EN 12201-3: 2003 Сумен жабдықтау үшін пластикалық құбырлар жүйесі.  
Полиэтилен (ПЭ). Фитингтер

EN 12201-4: 2001 Сумен жабдықтау үшін пластикалық құбырлар жүйесі.  
Полиэтилен (ПЭ). Клапандар

EN 12201-5: 2003 Сумен жабдықтау үшін пластикалық құбырлар жүйесі.  
Полиэтилен (ПЭ). Жүйенің мақсаты үшін фитнес

EN 1401-1: 1998 Баспайтын жер асты дренажды және кәрізге арналған  
пластикалық құбырлар жүйесі. Пластмасштабталған поли (винилхлорид) (ПВХ-  
У). Құбырларға, фитингтерге және жүйеге қойылатын талаптар

DSTU B V.2.7-73-98 «жанғыш газдарды жеткізу полиэтилен құбырлары»

Ресей

ГОСТ 18599-2001 Полиэтиленнен жасалған қысым құбырлары.

ГОСТ Р 50838-2009 Газ құбырлары үшін полиэтилен құбырлары.

ГОСТ Р-2008 Сумен жабдықтау және жылыту жүйелеріне арналған көп  
қабатты қысымды құбырлар.

ГОСТ Р 51613-2000 Пластификацияланбаған поливинилхлоридтен  
жасалған қысым құбырлары.

ГОСТ 32415-2013 Сумен жабдықтау және жылыту жүйелері үшін  
термопластикалық қысымды құбырлар және олардың қосалқы бөліктері.  
Жалпы техникалық шарттар

–ҚР СТ ИСО 4427 “Сумен қамтамасыз етуге арналған полиэтиленді  
құбырлар. Техникалық шарттар”;

–ҚР СТ ИСО 4437 “Газ тәрізді отынды беру үшін полиэтиленді жерасты құбырлар. Метрикалық серия. Техникалық шарттар”;

–ҚР СТ ИСО 8770 “Ғимарат ішінде орналасқан өңделген және тазартылған су (төмен және жоғары температура кезінде) жүйесі үшін тығыздығы жоғары полиэтиленнен құбырлар мен фитингалар. Техникалық шарттар”;

–ҚР СТ ИСО 8772 “Жерасты дренаждер және канализационды жүйелер үшін полиэтиленнен жасалған құбырлар мен фитингалар. Техникалық шарттар”.

–Атырау полиэтиленді құбыр зауытында өткізген өндірістік практикада жиналған материалдар;

–сапа жүйесі бойынша ИСО 9000:2004 халықаралық стандарты;

–сапа жүйесі бойынша ИСО 9001:2004 халықаралық стандарты

Басшылықтың жауапкершілігі. «ПТЗ» ЖШС басшылығы сапа менеджмент жүйесінің нәтижелілігі мен тұрақты жақсаруын мына жолдармен қамтамасыз етеді:

- саясаттың дамуын және сапа облысындағы мақсатты, тұтынушының талабын орындау маңыздылығы туралы қызметкерлерді ақпараттандыру, сол сияқты заңды және нормативті құжаттар талаптарына сәйкес;

- басшылық жағынан талдауды жүргізу;

- қажетті ресурстармен қамтамасыз ету.

«ПТЗ» ЖШС қызметінің басты артықшылығы өнім мен қызметтің сәйкестігін растау бойынша жұмыстарды жүргізуде қызметкердің біліктілігі, құпиялылықты қадағалау және нақтылықпен қамтамасыз етіп орындалатын жұмыс сапасының тұтынушыны қанағаттандыруы болып табылады.

Тұтынушының талабын және тілегін анықтау үшін өнім мен қызметті «ПТЗ» ЖШС қызметін орындауда өңделеді және сәйкес формада қолданылуымен сауалнама жүргізу орындалады. Тұтынушының талабы өнім мен қызметті мекеме мамандарымен талданады.

«ПТЗ» ЖШС сапа облысындағы саясат туралы мәлімдемесі сапа облысындағы саясатқа сәйкес келеді және мекеме басшысымен бекітіледі.

Инфрақұрылым. «ПТЗ» ЖШС өнім мен қызметтің жұмысының орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті көлік және коммуникация құралдары, құрылғылар, өндірістік орындармен қамтамасыз етеді.

Жұмыс жағдайында инфрақұрылымды қолдану құрылғылармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен сәйкестендірілген жұмыс орындарының жабдықталуымен жүзеге асырылады.

Өнім мен қызметтің басшылығы әрбір жұмыс орнының физикалық және психологиялық шартын анықтайды және керек жағдайда орнатады және санитарлық гигиенаны және техника қауіпсіздігі бойынша өлшемді жүзеге асырады. Жұмыстың қауіпсіздік шартын қамтамасыз ету және қауіпсіздік талаптарын қадағалау маңызды тапсырма болып табылады.

«ПТЗ» ЖШС сәйкестігін растау облысындағы жұмыстарды орындау үшін барлық қажетті шарттар орнатылған. Орындардағы температура мен ылғалдылық жылыту және желдету жүйелерімен реттеледі. Техника қауіпсіздігі

бойынша эргономикалық, гигиеналық және басқа да талаптар қажетті гигиена құралдары, жарықтандыру, белгілерін қолданумен қамтамасыз етіледі. Өнім мен қызметтің «ПТЗ» ЖШС қызметкерінен техника қауіпсіздігі бойынша периодты түрде инструктаж жүргізіліп тұрады.

